



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДАҒЫ ҰЛЫБРИТАНИЯ ТӘЖІРИБЕСІ

Туякова К.Б.

«Мемлекеттік аудит» ББ 2 курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: tuyakova.kamilla@mail.ru

Аңдатпа. Бүгінгі таңда кез келген ел үшін мемлекеттік қаржы, мемлекеттік меншік, табиғи байлық, интеллектуалды капитал секілді маңызы жоғары ұлттық ресурстарды басқару тиімділігін арттыру мәселесі маңызды болып табылады. Сол себепті мемлекеттік аудит қызметінің дамытуда және тиімділігін арттырудың маңызды құралы ретінде көбірек назар аударылуда. Қолданыстағы ішкі мемлекеттік аудит жүйесінің қазіргі талаптарына сәйкес келетін шетелдік тәжірибе негізінде ішкі мемлекеттік аудит органдарының қызметін ұйымдастыру тәжірибесі қарастырылды. Аудиттің заманауи түсінігі мен дамуы Ұлыбританиядан басталып, аудиттің отаны болып саналатындықтан, Ұлыбритания елінің тәжірибесі қарастырылды. Мақала барысында теориялық негіздер, статистикалық мәліметтер, заңнамалық және нормативтік ресми құжаттар талданды. Талдау көрсеткендей, ішкі аудит жүйесін дамытудың ең перспективалы тәсілдері тәуекелдерді басқару және бюджеттік жоспарлау болып табылады.

Аннотация. Сегодня для любой страны актуальным является вопрос повышения эффективности управления такими важными национальными ресурсами, как государственные финансы, государственная собственность, природное богатство, интеллектуальный капитал. Поэтому все большее внимание уделяется государственному аудиту как важному инструменту развития и повышения эффективности деятельности. Рассмотрен опыт организации деятельности органов внутреннего государственного аудита на основе зарубежного опыта, соответствующего современным требованиям действующей системы внутреннего государственного аудита. Поскольку современное понимание и развитие аудита началось в Великобритании и считается родиной аудита, был рассмотрен опыт страны Великобритании. В ходе статьи были проанализированы теоретические основы, статистические данные, законодательные и нормативные официальные документы. Анализ показывает, что наиболее перспективными подходами к развитию системы внутреннего аудита являются управление рисками и бюджетное планирование.

Annotation. Today, for any country, the issue of improving the efficiency of managing such important national resources as public finances, state property, natural

wealth, intellectual capital is relevant. Therefore, more and more attention is being paid to state audit as an important tool for the development and improvement of business efficiency. The experience of organizing the activities of internal state audit bodies on the basis of foreign experience corresponding to the modern requirements of the current system of internal state audit is considered. Since the modern understanding and development of auditing began in the UK and is considered the birthplace of auditing, the experience of the UK country was considered. In the course of the article, theoretical foundations, statistical data, legislative and regulatory official documents were analyzed. The analysis shows that the most promising approaches to the development of the internal audit system are risk management and budget planning.

Түйінді сөздер: мемлекеттік аудит, ішкі мемлекеттік аудит, ұлттық бақылау басқармасы, ішкі аудит агенттігі.

Аудиттің дамуы жекелеген елдердің қаржы - өнеркәсіптік тарихының ерекшеліктерімен және капитал нарығының даму сипатымен анықталды. Көптеген елдерде үкімет қызметінің экономикалық және әлеуметтік салдары туралы түсінік алу үшін аудит қызметі қолданылады.

Бүгінгі таңда кез келген ел үшін мемлекеттік қаржы, мемлекеттік меншік, табиғи байлық, интеллектуалды капитал секілді маңызы жоғары ұлттық ресурстарды басқару тиімділігін арттыру мәселесі маңызды болып табылады. Сол себепті мемлекеттік аудит қызметінің дамытуда және тиімділігін арттырудың маңызды құралы ретінде көбірек назар аударылуда. Мемлекеттік аудитті жетілдіру шараларын енгізу кезінде көрші елдердің, әсіресе экономикалық тұрғыдан дамыған елдерден тәжірибелеріне сүйенсек болады.

Қазақстандағы қолданыстағы мемлекеттік аудит жүйесін дамыту үшін қазіргі заманғы тенденцияларға сәйкес келетін Ұлыбритания жүйесімен салыстырған дұрыс. Шет елдердің тәжірибесіне жүгінетін болсақ мемлекеттік аудиттің жаңа форматының қалыптасуы белгілі бір өзгерістерді қажет ететіндігін көрсетеді. Мысалы, Ұлыбританияда мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесінің жұмыс істеу саласындағы тәжірибесі ішкі аудит қызметі құрылған нақты мемлекеттік органның, сондай-ақ оған ведомстволық бағынысты және есеп беретін ұйымдардың шеңберінде ішкі мемлекеттік аудит органдарының қызметінің шоғырлануын көрсетеді. Олардың үстіндегі ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі орталықтандырылған орган түріндегі қондырма тек қана оларды үйлестіруді және әдіснамалық сүйемелдеуді жүзеге асырады. Осыған байланысты орталықтандырылған ішкі мемлекеттік аудит органы шағын, кең аумақтық өкілдіктері жоқ және стационарлық болып табылады [7].

Аудиттің заманауи түсінігі мен дамуы Ұлыбританиядан бастау алатындықтан, ол қазіргі тенденцияларға сәйкес келетін аудиттің отаны болып саналады. Англияда 1844 жылдан бастап «міндетті аудит» пайда бола бастаған

еді. Осы жылы компаниялар туралы бірқатар заңдар қабылданды, оған сәйкес жеке акционерлік қоғамдар аудиторды жылына кемінде бір рет шақырып, оған барлық қаржылық құжаттарды ұсынып, акционерлерге есеп беру қажет еді. Ал, 1862 жылы Ұлыбританияда «міндетті аудит туралы» заң қабылданды. 1878 жылы City of Glasgow Bank-тің күрт банкротқа ұшырауымен байланысты 1879 жылдан бастап Ұлыбританияда жауапкершілігі шектеулі банктер үшін де аудит міндетті болып табылады.

1880 жылы Ұлыбританияда Англия мен Уэльстің бухгалтерлер институты құрылды, оның құрамына тек Британ аралдарының тұрғындары ғана емес, сонымен қатар Британдық доминиондардың, колониялардың және мандатты территориялардың өкілдері кірді.

Ең ірі беделді ағылшын ғалымы Лоуренс Дикси аудиторлық және қайта қарау техникасын «жалғандық, кездейсоқ қателіктер және бухгалтерлік есепті ұйымдастырудағы кемшіліктерді анықтау» құралы ретінде көрді [1].

20 ғасырдың 70-ші жылдары аудиттің қазіргі кездегі жаңа бастамасы болды. Бұл аудитті аймақтық, халықаралық және жаһандық деңгейде үйлестірудің бастамасы болды. Аудит жүйесінің дамуы кейбір елдердің қаржылық және өнеркәсіптік тарихының дамуы мен ерекшеліктерімен, сондай-ақ капитал нарығының жаңа сипатымен байланысты болды.

Өз тарапынан аудиторлар 20 ғасырдың ортасынан бастап өз салаларын кеңейте бастады. Ғылыми-техникалық революция аудиторлық компанияларды басқаруда, бухгалтерлік есепті оңтайландыру мен автоматтандыруда, сапаны бақылау жүйелерін енгізуде және басқа операцияларда заманауи әдістер мен жабдықтарды қолдануға мәжбүр етті.

Ұлыбританияда қаржылық бақылаудың жоғары органының өкілеттіктері мен функцияларын британ парламенті белгілейді. Алайда, мемлекеттік қаржылық бақылау мәселелері мен жүзеге асырылуын реттейтін негізгі құжат 1983 жылы қабылданған мемлекеттік аудит туралы заң болып табылады. Бұл заң Ұлттық бақылау басқармасының өкілеттіктерін, бақылаушы мен бас аудитордың функцияларын, мәртебесін және тағайындалуын анықтайды. Ұлттық бақылау басқармасы Ұлыбританияның мемлекеттік шығындарын бақылау жөніндегі тәуелсіз орган болып табылады.

Бақылаушы мен бас аудитор тексерілетін субъектілердің ақпаратына қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық қажетті ақпаратты заңнамалық жолмен алу бойынша кең өкілеттіктерге ие. Ұлттық бақылау басқармасы мемлекеттік ұйымдар жүйесінде ерекше мәртебеге ие. Ұлттық бақылау басқармасы барлық үкіметтік министрліктердің, сервистік департаменттердің, сондай-ақ басқа да бірқатар заңды тұлғалардың шоттарына аудит жүргізуге құқылы. Бұл Ұлттық бақылау басқармасын парламент атынан әрекет етеді дегенді білдіреді. Бақылаушы мен бас аудитор Ұлыбритания парламентіне үкіметтің және оның

қызметтерінің мемлекеттік қаржы ресурстарын тиімді және үнемді пайдалануы туралы аудиторлық есеп дайындауға айрықша құқылы[2].

Жалпы ұлттық бақылау басқармасының қызметі өте тиімді болып табылады. Мысалы, 2021 жылы ұлттық бақылау басқармасы шығындарды азайту, қызмет көрсетуді жақсарту немесе азаматтарға басқа жеңілдіктер беру арқылы 874 миллион фунт стерлингтің оң қаржылық нәтижесіне қол жеткізді [6].

Ұлыбританияда мемлекеттік ішкі аудитті мемлекеттік ішкі аудит агенттігі жүзеге асырады. Мемлекеттік ішкі аудит агенттігі орталық үкіметке ұсынылатын ішкі аудиттің сапасын арттыру үшін 2015 жылдың сәуір айында құрылған. Мемлекеттік ішкі аудит агенттігі мынадай функцияларды орындайды:

- мемлекеттік қаражатты тиімді басқару;
- тәуекелдерді басқару;
- ішкі бақылау.

Мемлекеттік ішкі аудит функциясы қазіргі уақытта орталық үкіметтің 75 пайызын қамтиды. Мемлекеттік ішкі аудит агенттігі орталық үкіметке оның ұйымдарына мемлекеттік қаражат есебінен жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін объективті, тәуелсіз ақпарат пен кепілдіктер береді.

Мемлекеттік ішкі аудит агенттігінің миссиясы — орталық үкімет жақсы нәтижелерге қол жеткізе алатындай объективті ақпарат беру болып табылады.

Ішкі аудит ұйымның тәуекелдерді анықтау мен басқарудағы, сондай-ақ корпоративтік басқару мен ішкі бақылау процестерін басқарудағы тиімділігін объективті бағалайды. Ішкі аудит қызметтері тәуекелдерді тиімді басқаруға және мемлекеттік қызмет көрсетуді жақсартуға көмектеседі. Ішкі аудит ұйымының қызметі тікелей шоттармен немесе қаржылық процестермен ғана емес, сонымен қатар ішкі аудит ұйымы клиенттің қажеттіліктеріне байланысты қоршаған ортаға әсер ету, киберқауіпсіздік, денсаулық және қауіпсіздік сияқты көптеген басқа салалардағы тәуекелдерді бағалайды [3].

Ішкі аудит ұйымыны 2021-2022 жылдар бойынша нәтижелерін жариялаған болатын. Мысалы, жоспар ретінде клиенттердің жалпы қанағаттануының кем дегенде 70% - на қол жеткізу қажет болса, 2022 жылы қызмет көрсету сауалнамаларына сүйене отырып 83,5% - на жеткізген. 2020 жылы COVID-19 пандемиясының үздіксіз әсеріне қарамастан 2022 жылдың 31 наурызына дейін «есеп жобасын дайындау» кезеңінде жоспарланған аудиттердің 91,6% өткізілген. Бұдан, ішкі аудит ұйымының қызметі 2021-2022 жылдардың нәтижелері бойынша тиімді жұмыс істегендігін көре аламыз[4].

Дегенмен де, дамыған елдердің аудит жүйесі де дағдарысқа тап болуы мүмкін. Оған, 2018 – 2019 жылдардағы Carillion, BHS және Valerie кондитерлік дүкенінің сияқты ірі компаниялардың күйреуі мысал бола алады. Carillion, BHS және Valerie кондитерлік дүкенінің аудиттегі сәтсіздіктер аудиторлық индустрияға деген сенімділіктің кең дағдарысын көрсетеді. 2018 жылдың қазан айында қаржылық есептілік кеңесі аудиторлардың 27 пайызы сапа

стандарттарына сәйкес келмейтінін хабарлады. 2018 жылғы жанжалдар қазіргі реформалардың жұмыс істемейтінін және проблемаларды шешудің жаңа тәсілдерін қажет ететіндігін көрсетеді. Сол себепті, қаржылық есептілік кеңесінің орнына үкімет жаңа реттеуші орган, аудит және басқару басқармасы құрылатының жариялады. Ол жергілікті билік және денсаулық сақтау органдарының аудиті, аудиторлық қызмет нарығын реттеу және корпоративтік басқару саласындағы нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жетекші орган ретінде әрекет ететін болады[5].

2004 жылдан 2007 жылға дейін Еуропалық Одаққа кірген постәлеуметтік елдердің тәжірибесі мемлекеттік басқару секторында тиімді ішкі бақылау мен аудиттің негізін құру мүлдем күрделі мәселе емес, бірақ саяси ерік-жігерді қажет ететіндігін және оны шамамен үш-төрт жылда орындауға болатындығын дәлелдейді.

Ұлыбританияның тәжірибесі ішкі аудиттің мемлекеттік ведомстволардың дамуында өте маңызды факторға айналғанын көрсетеді:

а) ішкі бақылау және аудит функциялары күрделене түсті. Операциялық менеджерлерге шешім қабылдауға, соның ішінде тәуекелдерді басқаруға көмектесетін кеңесшілер пайда болды;

б) мемлекеттік сыртқы аудит органдарымен ынтымақтастық жандануы. Корпоративтік секторда қолданылатын тәсілдер оны реттеуде белсенді қолданылады;

в) халықаралық стандарттар негізінде ұйымдастырылған мемлекеттік қаржының тиісті ішкі бақылауы мен аудитінің болуы қазіргі уақытта өркениетті қоғамдастықтың қажетті атрибуты ретінде қарастырылуы.

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, ішкі аудит мыналарға мүмкіндік береді:

-қаржылық тәртіпті жақсарту, қоғамның мүддесі үшін мемлекеттік қорлар мен активтерді басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру;

-халықаралық аудит стандарттары мен ұлттық заңнаманы сақтау арқылы сапаны бақылау арқылы мемлекеттің экономикалық әлеуетін одан әрі арттыру;

-бұзушылықтар мен кемшіліктердің алдын алу, тиімділікті, рентабельділікті және өнімділікті арттыру бойынша шаралар қабылдау;

-халықаралық тәжірибеге сәйкес ұйымды басқару процесін жетілдіру;

-ішкі бақылау компоненттерінің дұрыс жұмыс істеуін тексеру;

-бюджеттік жоспарлауды жақсарту және қаражатты басымдықты жақсартуды және мұқият назар аударуды талап ететін салаларға қайта бағыттау;

-мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жақсартуға мүмкіндік беретін заңдар әзірлеу және аудит және бухгалтерлік есеп саласындағы білімге, сондай-ақ персоналды даярлауға көңіл бөлу.

Осыдан біз, Ұлыбритания тәжірибесіне сүйене отырып, бірнеше ұсыныс ретінде тұжырымдамаларды қарастыра аламыз:

-ішкі аудиторлар үкіметпен өзара әрекеттесіп, басқару және аудит комитетіне дәстүрлі және туындайтын тәуекелдерді жеңуге мүмкіндік беретін әрекеттерді ұсынуы керек;

-ұйымды басқару ішкі аудитпен біріктірілуі керек және ұйым мен оның басшылығы ішкі аудиттің басты назарында болуы керек;

-ішкі аудит тәсілдері икемді, бейімделгіш, өзгермелі ортаны көрсетіп, өз иелігінде заманауи технологиялар, техника және өзекті стандарттар болуы тиіс;

-ішкі аудитор жаңа стратегия мен тиімді басқаруды әзірлеу және ұсыну үшін шығармашылықпен айналысуы керек [5].

Қорытындылай келе, шет елдердің тәжірибесіне жүгіну мемлекеттік аудиттің жаңа форматының қалыптасуы белгілі бір өзгерістерді қажет ететіндігін көрсетеді. Ішкі аудит ұйымға тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалау мен тиімділігін арттыруға жүйелі және дәйекті тәсілді қолдана отырып, алға қойған мақсаттарына жетуге көмектеседі. Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың біртұтас жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін қазақстандық тәжірибеге оң әлемдік тәжірибені бейімдеу қажет. Бұл мемлекет пен қоғамды мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және басқарудың барлық деңгейлерінде аса маңызды экономикалық шешімдер қабылдау үшін қажетті сапалы, тәуелсіз ақпаратпен қамтамасыз ету үшін неғұрлым пәрменді бақылау құралын құруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ножкина Т.В. Международный аудит: Учебное пособие. - Петропавловск-Камчатский: КамчатГТУ, 2007. - 127 с.

2. Ұлыбританияның ұлттық бақылау басқармасының ресми сайты// [Электрондық ресурс] URL: <https://www.nao.org.uk/>

3. Ұлыбританияның ішкі аудит агенттігінің ресми сайты// [Электрондық ресурс] URL: <https://www.gov.uk/>

4. GIAA Annual Report and Accounts 2021 – 2022 // Government Internal Audit Agency // [Электрондық ресурс] URL: https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment_data/file/1097674/Annual_Report_21-22_Accessible.pdf

5. Zarina Igbayeva, Assem Kazhmukhametova, Lyazzat Beisenova and Elena Nikiforova (2020). Modern trends of Kazakhstan's internal state audit: the US and UK experience. Problems and Perspectives in Management, 18(2), 1-12. doi:10.21511/ppm.18(2).2020.01

6. Annual report and accounts 2021-2022 // National audit office UK // [Электрондық ресурс] URL: <https://www.nao.org.uk/wp-content/uploads/2022/06/National-Audit-Office-Annual-Report-and-Accounts-2021-22.pdf>

7. Beisenova L.Z. Foreign models of financial control, tutorial, Astana: Center Elite, 2012, 120 p.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ПРОВЕДЕНИИ АУДИТА

Христуаскас Ч. С.

Проф., др. Каунасский университет прикладных наук г. Каунас, Литва

E-mail: ceslovas.christauskas@go.kauko.lt

Внук-Пел Т.

Проф., др. Лодзинский университет г. Лодзь. Польша

E-mail: tomwnuk@uni.lodz.pl

Аннотация. Прогресс создает новые инструменты для администрирования и проведения аудита, с другой стороны, он меняет поведение предпринимателей, налогоплательщиков и увеличивает связанные с этим риски. При этом необходимо чтобы аудиторы могли выполнять свою работу максимально быстро и продуктивно. Цель исследования состоит в том, чтобы рассмотреть и проанализировать компьютеризированные системы аудита используемые в компаниях.

Ключевые слова: аудит, компьютеризированные системы аудита.

Christauskas C. Wnuk-Pel T.

THE USE OF NEW TECHNOLOGIES TO CARRY OUT AUDIT

Abstract. Progress of new technologies from one side provides new instruments for administering and performing audit, from other side it changes behavior of enterprises, tax payers and creates new challenges. Requirements for providing audit as fast as possible and productively persist. The aim of investigations is to review and analyze computer aided systems used by enterprises to perform audit.
Key words. Audit, Computer aided audit technologies.

Для достижения своей цели аудиторы все чаще используют в своей работе компьютеризированные системы аудита, (англ. Computer assisted audit technologies СААТ). Это инструменты, предназначенные для автоматизации процесса аудита. Концепция СААТ используется для описания различного программного обеспечения и процедур. Компьютеризированные инструменты аудита помогают аудитору эффективно тестировать средства контроля и процедуры. Выполнять подробные тесты, где нет входных документов, четкой последовательности или популяции, а размеры выборки велики. СААТ требуют немалых вложений. Для увеличения выполняемых работ и эффективности,